

Әлемде жүздеген діни ағым мен секталар қызмет етуде. Әрқайсысы өздерін нағыз ақиқат діні деп санайды. Ал шын мәнінде дүниежүзі халқының үлкен бөлігі әлемдік және достураі діндерді ұстанады. Астанада өткен «Әлемдік және достураі діндер лидерлерінің» съездеріне қатысқан өкілдерге қарай қандай діндердің достураі екендігін байқауға болады. Ол съездерде псевдодіни ұйымдардың немесе секталардың өкілдері болмады. Олар съезге шақырылмады да. Себебі, адасқан ағымдар екендігі көпшілікке белгілі.



## Бұлыңғыр сенім

жазадан қорқу. Қорқыныш – терроршыны, экстремисті өз басы үшін ғана емес, отбасы, туысқандары үшін де қорқуға мәжбүр етеді. Қорқыныш билеген адам басшылардың тапсырмасын әрқашан орындауға дайын тұрады. Терроризмді терең зерттеген ғалымдардың бірі Б.Савинков былай деп жазады: «Террористік ұйымның тәртіпсіз өмір сүруі мүмкін емес. Террористік ұйымның тәртібі әскердегі тәртіптей беделге, атаққа қарамайды. Ол бүкіл ұйым мүшелерінің бірінғай тәртіптің қажеттілігін мойындауынан туындайды». Ұйымның тәртібіне бағыну жауынгердің қасиетті міндеті болады деп үнемі түсіндіріп отырады. Осы айтқандардан экстремистер мен терроршылардың мынадай белгілерін байқауға болады.

- 1). Ұйымға берілгендік;
  - 2). Ұйым үшін құрбан болуға дайын болу;
  - 3). Темірдей тәртіп;
  - 4). Құпиялық;
  - 5). Басшыларға бас не бағыну;
  - 6). Топпен, ұжыммен бірге болу;
  - 7). Ешқашан сатылмау.
- Экстремист пен террорист үнемі психологиялық қозғалыста болады. Сон-

# ПСЕВДОДИНИ АҒЫМДАР

## олардың жұмыс тәсілдерін зерттеу қажет

Әлемде де, Қазақстанда да псевдодіни ұйымдар өте көп. Мысалы, 2011 жылғы 11 қазанда қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңына дейін елімізде 46 діни конфессия немесе діндер қызмет етті. Осы заңға сәйкес діни бірлестіктер қайта тіркелген соң, 17 діни конфессия қалды. Тіркеуден өтпей қалғандарын псевдодіндер деп атауға негіз бар. Олар әлемдік ірі діндерден туындайтын әртүрлі секталар болатын.

Псевдодіни ұйымдар мен секталар діни бірлестік құрып көптеген елдерде заңды ұйым ретінде тіркеліп кеткен. Бұлай болудың бірнеше себебі бар. Біріншіден, халықаралық құқық нормаларына орай діни сенім бостандықтарына кепілдік берілген. Діни сенімді кемсітуге болмайды, оған қысым да жасалмайды. Бұл псевдодіни ұйымдардың діни бірлестіктер ретінде тіркелуіне кең жол ашып берді.

Екіншіден, Қазақстан Республикасында тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында діни бірлестіктерді саралау, талдау, олардың мақсат-мүдделеріне қандай да бір сын айту туралы практика болмады. Сол кезеңдерде псевдодіни бірлестіктер көптеп тіркеліп, заңды ұйым құқына ие болды.

Үшіншіден, діни бірлестіктерді тіркеу, олардың қызметіне кедергі келтірмеу демократиялық дамудың көрсеткіші деп есептеледі. Демократия осы екен деп көптеген қауіпті бірлестіктер мен секталардың тіркелуіне мемлекеттің өзі де жол ашып бергендей. Секталар қатарына тартқан адамдардың психологиялық тұрғыдан өздеріне тәуелді етеді. Арбаушылар психологиялық әдіс-амалдарды жақсы меңгерген. Сондықтан азаматтардың психологиялық тұрғыдан қауіпсіздігіне аса үлкен мән беру керек. Өйткені, адамның деструктивті діни ағымға ден қоюы оған психологиялық тұрғыдан көрсетілген қысымның салдары.

Қазақстандағы түрлі діни ұйымдардың жеке тұлғаларға ықпал ету әдіс-амалдарын зерттеудің маңызы зор. Азаматтар күдікті ұйымдардың жиналыстарына алғаш барғанда олардың түпкі мақсатын түсіне бермейді. Дегенмен, алғашқы қатысушылардың қызығушылығы туындайды. Сектанттар өз қатарына қабылданушыларды алдын ала толығымен зерттейді. Олардың біліміне, отбасы мен тұрмыстық жағдайына, әсіресе, діни сенімінің беріктігі немесе жоқтығына ерекше мән береді. Көбіне діни сенімі төмен немесе тіптен діни сенімі жоқ отандастарымызды олар өз қатарына оңай тартып алады. Сектанттар ең алдымен өз «құрбандарын» таныстарының, құрбыларының, достарының арасынан іздейді. Жастарға ерекше маңыз береді.

Деструктивті культтардың құрамына бай азаматтарымыз да еніп жатыр. Олар материалдық тұрғыда бай болғанымен, психологиялық және сенім тұрғысынан қалыптаспаған. Сектанттар алғашқы кезде оларды шетелдермен саудасаттық, туристік сапарларға тарта отырып, біртіндеп олардың санасына өз идеологиясын сіңдіре береді. Дегенмен, сектанттардың құрбандары негізінен әлеуметтік қорғалмаған азаматтар болып табылады. Мысалы, иегова куәгерлері, баптистер, онгүстіккореялық шіркеулердің, тағы басқа достураі емес христиандық ағымдардың қатарында жүрген қандастарымыз бірден оларды мақтай жөнеледі. Әсіресе, олар тұрмысы төмен, күйеулерімен ажырасқан әйелдер, жұмыссыз жастарды тезірек өз қатарына тартып алады. Мысалы, баптистік шіркеулердің бірінде Інжілді насихаттау тек қазақ тілінде жүреді. Шіркеу мүшелері де түгел қазақтар. Тіптен, олар «біз мемлекеттік тілді насихаттауға өз үлесімізді қосып отырмыз» дегенді мақтанышпен айтады.

Сектанттар көбінесе стрестік жағдайда жүрген, ауытқуға немесе депрессияға ұшыраған адамдарды табады. Сөйтіп, оларға мейлінше жәрдем беріп, психологиялық тұрғыдан қолдау көрсетіп қана қоймай, өз діндерінің артықшылығын да терең түсіндіреді. Себебі, мұндай адамдар кез келген ұсақ мәселені шешудің жолын таба алмай азап шегеді. Тура осындай кезде оларға жалған діни ұйым мүшелері көмек қолын созыды. «Құдайдың құтқаруын» ұсынады.

Олар материалдық және рухани жәрдем берумен қатар, тренингтер, бірігіп өн салу, топтық құлшылық ету идеясын, өздерінің мейрамдарына қатыстырып, жаңадан келген адамның миына идеологиялық және психологиялық акпараттарды сіңіріп, оларды сақтауын және орындауын қатаң қадағалап отырады. Осылайша, секталар жаңа мүшелерінің бұрынғы ерік-жігерін жояды және толығымен өздерінің жетегіне алады.

Мысалы, исламдық теріс ағымдар өз жақтастарының киімі, дәстүрі, көзқарасы, ойлау жүйесі, отбасы жағдайларына толықтай бақылау орнатқан. Өздерінің кез келген әрекетін қасиетті Құранмен түсіндіреді. Құраннан деректер келтіреді. Өздерінен басқа діндер мен діни ағымдарды толығымен жоққа шығарады.

Экстремистік және террористік діни ағымдар мынадай психологиялық құралдарды пайдаланады және сіңіреді. Олар: қорқыныш, үрей, агрессия, өзін-өзі құрбандыққа шалу, шаһид болу, яғни суицид. Жаппай қорқыныш тудыру.

Қорқыныш психологиялық әдіс ретінде тек Құдайдан қорқу емес, басшылардың тапсырмаларын орындамаудан,

дай-ақ, олар мақсатқа берілу және табандылықпен де ерекшеленеді.

Бұлардан өзге, экстремист пен террористер арасында психологиялық ауытқулары бар тұлғалар да кездесіп тұрады. Ең алдымен олардың қасиеттерінің патологиялық сипатын атап өткен жөн. Патология – емдеуге, қайта қалпына келтіруге жатпайтын қасиет. Ондай адамдарда психопатологиялық құбылыс байқалып тұрады. Психопат жеке адамның ішкі түйсіктерінен туындайтын ұзақ жылдарға созылатын, өзгермейтін қандайда бір нәрсені мейлінше жек көретін, жойғысы келіп тұратын қасиет. Олардың арасында адамдарды қорлауға, зорлауға, қинап өлтіруге бейім болып тұратын қанішер-маньяктары да кездеседі.

Экстремистер мен террористердің ойлау жүйесі де ерекшеленіп тұрады. Террористік ұйымдардың бірінің басшысы «кәпірлер тек бір ғана тілді – «Калашников» тілін ғана түсінеді. Сондықтан олармен тек сол тілде сөйлесу керек» деп санайды. Оларда логиканың орнына «сенім», ойлаудың орнына «бұйрық» жүреді. Осыдан кейін бұл адамдар «сен осыны жасауың керек» деген бұйрықты дұрыс көреді. Мұның негізінде зомбилық психология жатыр. Террористердің логикасында эмоционалды, қызқандылық өте басым болады. Барлығы күшке бағынады. Барлығын зорлық-зомбылықпен жүзеге асыруға болады. Олардың ойлау жүйесі осы жерде жемқордың «барлығын да сатып алуға болады» деген ойымен ұқсас келеді.

Экстремист пен террористің психологиясы – ауытқуған немесе шектен шығатын түзулікке негізделген психология. Сондықтан олар ешнәрседен қайтпайды. Олардың ойлауы, өмірді уақытша деп санайтын, мәңгілік өмір жұмаққа тікелей бастайтын бірден-бір түзу жол өлім деп есептеледі. Соның салдарынан бұл жол террористік әрекет арқылы жүзеге асады. Мұндай әрекетке терроршыларды ұзақ уақыт психологиялық діни логикалық тұрғыдан дайындайды. Террористік ұйымдар осы бағытта тынымсыз жұмыс істеп, жаңа шаһидтерді тәрбиелеп шығарады.

Осының бәрі де қазіргі таңда әлемдік қоғамдастықпен бірге терең ойланды және экстремистік, террористік ұйымдар қызметінің алдын алу, олармен күрес мәселесіне ерекше мән беруді талап етіп отыр.

Ғалым МАЙМАҚОВ,

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің

Дінтану зерттеу орталығының жетекшісі, облыс өкімдігі жағындағы діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңестің мүшесі.